



СӘУЛЕТ ӨНЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ



Факультет 1965 жылы құрылды

Факультеттің ғылыми-зерттеу жұмыстары факультеттегі ғылыми жұмыстар, магистранттар мен ізденушілер және студенттердің ғылыми жұмыстарына жетекшілік ету, шығармашылық көрмелер мен конкурстарға қатысу, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін жобалауға енгізу негізінде жүзеге асырылуда. 1992 жылы Сәулет өнері факультеті сәулет өнері мектебінің әлемдік каталогына енгізілді.

Зерттеу бағыттары:

-калалар мен ауылдардың сәулет жоспарлы құрылымын жетілдіру;

-Қазақстан этнодизайны және заманауи дизайнның даму жолдары;

Ғылыми әлеуеті: 1 ғылым докторы және 7 сәулет өнері кандидаты.

Жетістіктері:

-«Қазақстан Республикасы облыс орталықтарының ықпалы аймағында аграрлық белдеулерді таратып орналастыру жүйесін қалыптастыру» енгізуге қабылданды;

-«Қазақстан аймақтарында көлік байланыстары мен әлеуметтік инфрақұрылым қалыптастыру» енгізуге қабылданды;

-Ақмола облысы бойынша сауығу, демалыс орындары мен туризм желілерін дамыту бойынша ұсыныстар өндіріске енгізілді;

-Қорғалжын мемлекеттік ұлттық саябағын құру ұсыныстары өндіріске енгізілді;

Астана қаласы құрылысы мен жобалау жұмыстарында факультет түлектері үлкен үлес қосты. Түлектер жобалары бойынша Астанадағы ірі ғимараттар - Қаржы министрлігі, «Қазақстан» спорткешені, «Думан», ойын-сауық орталығы, ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі, «Азия» бизнес-орталығы, «Әлем» сауда орталығы, мөнерлеп сырғанау стадионы, «Шұбар» бизнес орталығы, Әділет министрлігі, тұрғын үй кешендері т.б. салынды.

-Көкшетау қаласының орталығының жоспарлы сәулет құрылымдарын дамыту перспективалары бойынша ұсыныстар өндіріске енгізілді;

-Қазақстан Республикасының таратып қоныстандыру жүйесінің сұлбасын қалыптастыру ұсыныстары Экономика және сауда министрлігінің құрылыс істері комитетінің ғылыми-техникалық Кеңесі қаулысымен бекітіліп, аймақ ұйымдарының жобаларды әзірлеу барысында және Ақмола облысы құрылыс тарихын зерттеу және жобалау бойынша Астана қаласы құрылысы бас жоспарының дайындаудың қимасында уақытша нормативтік негіз ретінде ұсынылды;

-ҚР елді мекендерінің және ТМД елдерінің бас жоспарларының 20-дан аса жобалары енгізілді, соның ішінде: «Заречный», «Энергетик» елді мекендері, БАМ-дағы лесозавод, Ставропольск өлкесіндегі көрнекі елді мекен (Ресей) және т.б.;

-60-тан аса нысандар жобаланды және салынды (тұрғын үйлер мен кешендер) қоғамдық ғимараттар және қондырғылар, өндіріс нысандары және ҚР аймағындағы әлеуметтік инфрақұрылымдар.

Соңғы 10 жыл ішінде факультет оқытушылары: 1 монография, 3 ұсыным, 15 оқулық пен оқу құралын шығарды; халықаралық конкурстарда 1 және 2 дәрежелі 63 дипломға иеленді.

Әріптестері: Белорус FTU, «ҚазҒЗИССА» РМК, Астана қаласы қалалық сәулет мекемесі т.б.

